**КЕЛІСІЛДІ:**
«Шахтинск қаласы білім бөлімі» ММ басшысы
_____________ Н.Б.Онсович
«_1_»_10_2020жыл МО

**БЕКІТЕМІН:**
Шахтинск қаласы әкімдігі Шахтинск қаласы білім бөлімі «Еркетай» сәбилер – балабақшасы» КМҚК директоры
_____________ О.С.Канжигалина
«_1_»_10_2020жыл МО

# ШАХТИНСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ ШАХТИНСК ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ «ЕРКЕТАЙ» СӘБИЛЕР-БАЛАБАҚШАСЫ» КМҚК 2020-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН **ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Шахтинск қаласы
2020 жыл

## МДББҰ даму стратегиясының төлқұжаты

| | |
|---|---|
| **МДББҰ даму стратегиясының атауы** | «Шахтинск қаласы әкімдігі Шахтинск қаласының білім бөлімінің «Еркетай» сәбилер-балабақшасы» КМҚК 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы |
| **МДББҰДС жасау негізі** | • Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 - III «Білім туралы» Заңы, 2015 жылғы 13 қарашада толықтырулар енгізілген;<br>• Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 «Қазақстан Республикасындағы 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы» жарлығы;<br>• Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13<br>• Мамырдағы № 292 қаулысына 1-қосымша (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;<br>• Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы» Заңы, 2010 жылғы 23 қарашада енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен;<br>• Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жалдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»:<br>• Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2016 жылғы 12 |

| | |
|---|---|
| | тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;<br>• Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбие тұжырымдамасының негіздері»;<br>• Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігінің «мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының «мектепке дейінгі ұйымдардың білім үрдесіне «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін енгізуге әдістемелік нұсқаулық;<br>• Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитарлық-эпилемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалар;<br>• «Шахтинск қаласы әкімдігі Шахтинск қаласының білім бөлімінің «Еркетай» сәбилер-балабақшасы» КМҚК жарғысы Шахтинск қаласы әкімдігінің № 16/2 05.05.2015ж. қаулысымен бекітілген. |
| **МДББҰ ДС жоспарына тапсырыс беруші** | «Еркетай» бөбекжайы» КМҚК |
| **МДББҰ ДС жоспарын әзірлеушілер** | Директор: Канжигалина Орынтай Серикпаевна<br>Әдіскер: Жумабекова Айгерім Сериковна<br>Шығармашылық топ мүшелері |
| **МДББҰ ДС мақсаты** | Балабақшаның қызметін басқаруды жаңа сапалық жағдайға және даму режиміне көшіре отырып, педагогтардың кәсіби шеберліктері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере |

| | |
|---|---|
| | отырып сапалы тәрбие мен оқытуды, қамтамасыз ету. |
| **МДББҰ даму страдегиялық бағыттары** | I. Педагогтың кәсіби өсуін дамыту.<br>II. Білім беру мазмұнын жаңарту.<br>III. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея құндылықтары негізінде жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбие жүргізу. |
| **МДББҰ ДС міндеттері** | **I. Педагогтың кәсіби өсуін дамыту.**<br>1. «Өрлеу» БАҰО, Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспарлары бойынша педагогтарды кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатысады, педагогтардың кәсіби біліктілігі артады.<br>2. Озық іс-тәжірибемен алмасу үшін қаламыздағы балабақшалармен «Пікірлестер» атты кәсіби бірлестік құрылады.<br>3. Озық іс-тәжірибелерді тарату үшін балабақша педагогтары арасында «Үздік тәрбиеші», «Талантты жас маман» педагогикалық байқаулар ұйымдастыру.<br>**II. Білім беру мазмұнын жаңарту.**<br>4. «Бәрін білгім келеді» атты жоба арқылы балабақша жұмыс жүргізу.<br>5. «Спорт өмірдің көркі» жобасы арқылы балалардың дене дамуын, спорттық ойын-сауықтар және оқу қызметтері арқылы жүргізу сапасын жаңарту.<br>6. «Ағылшынша үйренейік», «Ұлттық дидактикалық ойындар» вариативтік бағдарламалары бойынша балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, іс-шараларды жаңа мазмұнмен жүзеге асыру.<br>**III. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея құндылықтары негізінде жалпы адамзаттық құндылықтарға тәрбие жүргізу.** |

| | |
|---|---|
| | 7. «Кішкентай патриот» жобасы аясында жалпы адамзаттық құндылықтарға тәрбие жүргізу жұмысын іске асыру.<br>8. Ата-аналардың педагогикалық білімдерін көтеру үшін «Ата-ана мектебі» жобасын жүзеге асыру.<br>9. «Ұлттық дидактикалық ойындар» вариативтік бағдарламасы бойынша барлық топтардағы дамытушылық орталықтарды түрлі ұлттық дидактикалық ойындармен толықтыру. |
| **МДББҰ ДС күтілетін нәтижелері** | **Педагогтар:**<br>1.«Өрлеу» БАҰО, Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспарлары бойынша педагогтарды кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатыстыру.<br>2. Озық іс-тәжірибемен алмасу үшін қаламыздағы балабақшалармен «Пікірлестер» атты кәсіби бірлестік құру.<br>3. Озық іс-тәжірибелерді тарату үшін балабақша педагогтары арасында «Үздік тәрбиеші», «Талантты жас маман» педагогикалық байқаулар ұйымдастыру.<br>**Тәрбиеленушілер:**<br>4. «Бәрін білгім келеді» атты жоба арқылы балабақша жұмыс жүргізу.<br>5. «Спорт өмірдің көркі» жобасы арқылы балалардың дене дамуын, спорттық ойын-сауықтар және оқу қызметтері арқылы жүргізу сапасын жаңарту.<br>6. «Ағылшынша үйренейік», «Ұлттық дидактикалық ойындар» вариативтік |

| | |
|---|---|
| | бағдарламалары бойынша балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, іс-шараларды жаңа мазмұнмен жүзеге асыру.<br><br>**«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея құндылықтары негізінде жалпы адамзаттық құндылықтарға тәрбие жүргізу.**<br>7. «Бәрін білгім келеді» жобасы аясында жалпы адамзаттық құндылықтарға тәрбие жүргізу жұмысын іске асыру.<br>8. Ата-аналардың педагогикалық білімдерін көтеру үшін «Ата-ана мектебі» жобасын жүзеге асыру.<br>9. «Ұлттық дидактикалық ойындар» вариативтік бағдарламасы бойынша барлық топтардағы дамытушылық орталықтарды түрлі ұлттық дидактикалық ойындармен толықтыру. |
| **МДББҰ ДС жүзеге асыру кезеңдері мен мерзімдері** | 2020-2025 жылдар<br>І кезең (2020 ж. қыркүйек – 2021ж. желтоқсан) – Дайындық.<br>ІІ кезеі (2022 ж. қаңтар – 2023 ж. мамыр) – Негізгі кезең<br>ІІІ кезең (2024 ж. маусым – 2025 ж. қаңтар) – Талдау кезеңі. |
| **МДББҰ ДС орындауды ұйымдастыру және бақылау** | Қарағанды облысының оқу-әдістемелік орталығы, Шахтинск қаласының білім бөлімі. Директор Канжигалина Орынтай Серикпаевна |
| **МДББҰ ДС асыруды қаржыландыру көздері** | Жергілікті бюджет |

## II. Ақпараттық анықтама

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру ұйымының атауы | |
| 2 | Мекенжайы | Қарағанды облысы<br>Шахтинск қаласы<br>А.Құнанбаев даңғылы 58б |
| 3 | МДББҰ телефоны | 8(72156) 7-00-22 |
| 4 | Факс | 8(72156) 7-00-22 |
| 5 | Электрондық пошта | e-mail& ds.erketay@mail.ru |
| 6 | МДББҰ директоры | Канжигалина Орынтай Серикпаевна |
| 7 | МДББҰ түрі | Типтік |
| 8 | МДББҰ ашылған жылы | 07.11.2007 жыл |
| 9 | Жобалау сыйымдылығы | 280 |
| 10 | Топтар саны | 10 |
| 11 | Бала саны | 280 |
| 12 | Оқу кабинеттері | 5 |
| 13 | Оқытылу тілі | қазақша |
| 14 | Жалпы қызметкерлер саны | 70 |
| 15 | Педагог.қызметкерлер саны | 30 |
| 16 | МДББҰ жұмысының ерекшелігі | Қазақша тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде, этнопедагогика бағыты бойынша жүргізіледі |
| 17 | Жұмыс ұзақтылығы | $10^{30}$ сағат |
| 18 | Жұмыс күндері | 5 күндік (Дүйсенбі - жұма) |
| 19 | МДББҰ жұмыс тәртібі | $7^{30}$-$18^{00}$ |

**МДББҰ жұмысын талдау**

Шахтинск қаласы әкімдігі Шахтинск қаласының білім бөлімінің «Еркетай» сәбилер-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны Шахтинск қаласында орналасқан. 2007 жыл қараша айында мемлекеттік тілде білім мен тәрбие беретін мектепке дейінгі мекеме болып ашылды. Балабақшада 10 топ жұмыс істейді.

**Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамына талдау**

Қазіргі таңда балабақшада барлығы 30 педагог: директор, әдіскер, педагог-психолг, логопед, музыка жетекшісі, дене тәрбиесінің нұсқаушысы, ағылшын тілінің мұғалімі, орыс тілінің мұғалімі және 20 тәрбиеші еңбек етеді. Педагог кадрлармен толық қамтылған. Оқу жүктемелері мектепке дейінгі ұйымның нормасына сәйкес.

**Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі**

| | | |
|---|---|---|
| **Педагогтар саны** | 30 | 100% |
| **Жоғарғы білімді** | 19 | 63% |
| **Арнаулы – орта білімді** | 11 | 37% |




**Сараптама:** Берілген кесте бойынша барлық педагогтардың білімдері барын анықтайды. 2020 жылы 5 педагог екінші жоғары білім алды. Жоғары білімдері бар педагогтардың жоғары көрсеткішке байланысты арнайы-орта білімдері бар педагогтардың азайғанын көрсетеді.

**Мәселе:** Жоғары білімдері бар педагогтардың пайызы 63% болғаны мен көбіне жоғары оқу орындарында сырттай білім алғандықтан оқу-тәрбие үрдісін неғұрлым жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

**Шешу жолдары:** Арнайы-орты білімдері бар тәрбиешілер үшін Қарағанды қаласындағы «Болашақ» ЖМ университетімен және Шахтинск қаласындағы гуманитарлық-техникалық колледжімен келісім-шарт жасау.

Өзіндік білімін көтеру мақсатында әріптестерімен озық іс-тәжірибемен алмасу және педагогтардың кәсіби құзырлығын арттыру үшін қаламыздағы балабақшалармен «Пәкәрлестер» атты кәсіби бірлестік құру.

**Педагогикалық кадрлардың біліктілік санаты бойынша деңгейлері**

| Санаты | Оқу жылы бойынша | |
|---|---|---|
| | **2020-2021** | **%** |
| **Барлық педагогтар саны** | 30 | 100% |
| **Жоғары** | 0 | 0% |
| **Бірінші** | 6 | 20% |
| **Екінші** | 19 | 63% |
| **Санаты жоқ педагогтар** | 5 | 17% |

**Сараптама:** Соңғы үш жылда кадрлар саны артқан. Сапалық құрамы да сәйкесінше өзгерген. Педагогтар өз біліктілік санатын көтеруге ынталы, кестеге қарап педагогтардың біліктілік санаттарының сапалық құрамындағы өзгерісті көруге болады, екінші санаттан бірінші санатқа біліктілігін жоғарлатқан педагогтар саны сәл ғана артқан, алайда бірінші санаты бар педагогтардың үлесі тек 20%- ды құрайды.

**Мәселе:** педагог кадрлар өз біліктілігін көтеруге ынталы болғанымен, жоғары, бірінші санатты педагогтардың көрсеткіші төмен. Әр түрлі жағдайлар мен педагогтардың тұрақсыздығына байланысты және біліктілігін арттыру мерзімінің келмегендіктен, екінші және санаты жоқ педагогтардың саны басым болғандықтан жас мамандарды тартуды көздейді.

**Шешу жолдары:** Педагог кадрлар өз біліктілігін көтеруге жұмысын оңтайландыру және оларға әдістемелік қолдау көрсету. Педагогтарды біліктілік санаттарының кестесіне сәйкес аттестаттаудан өтуін арттыру және мерзімінен бұрын аттестатциядан өтуге ынталандыру. «Өрлеу» БАҰО Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспрлары бойынша педагогтарды кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатыстыру.

**Педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет**

| Оқу жылдары | 2020-2021 ж | % |
|---|---|---|
| **Барлық педагог саны** | **30** | **100%** |
| 3 жылға дейін | **1** | **3%** |
| 3-9 жылға дейін | **17** | **57%** |
| 9-14 жылға дейін | **10** | **34%** |
| 14-20 жылға дейін | **0** | **0%** |
| 20 жылдан жоғары | **2** | **6%** |

**Сараптама:** Жалпы педагогикалық еңбек өтілі жиырма жылдан жоғары педагогтардың жоқтығына байланысты, жас мамандарға кәсіби тұрғыдан тәжірибе жинақтауға әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәлімгерлікке еібек өтілі он төрт жылдан жоғары мамандар бекітілді. Зейнеткер жасындағы мамандар жоқ.

**Мәселе:** Педагогтардың орташа еңбек өтілінің мөлшері 3-9 жылға дейін 57% құрайды. Жұмыстан жас мамандардың кету қауіпінің болуы. Аға буын мамандардың жеткілікті деңгейде болмауы.

**Шешу жолдары:** Тәжірибелі ұстаздар мен жас мамандар арасындағы сабақтастықты нығайту және бөлінген көшбасшылықты жүзеге асыру, педагогикалық оқулар мен кәсіби байқауларға белсенді қатысу нәтижесінде педагог мәртебесін көтеру «Үздік тәрбиеші», «Талантты жас маман» редагогикалық байқауларын ұйымдастыру.

**Педагог кадрлардың орташа жасы**

| Оқу жылдары | 2020-2021ж | % |
|---|---|---|
| **Орташа жасы** | 30-40 | % |
| **Барлық педагог саны** | 30 | 100% |
| **20-30 жас** | 11 | 36% |
| **30-44 жас** | 19 | 64% |




**Сараптама:** Педагог кадрлардың орташа жасы бір жылда 30-40 жасты құрайды. 2020-2021 оқу жылында 30-40 жас аралығындағы педагогтар саны артқан. Педагогтар арасында қозғалыс динамикасы байқалады. Жастар жағы көбіне жауапкершіліктен, қиындықтардан қашады, бастамашылдық жоқ. Сондықтан да алдыңғы қатарда орта жастағы педагогтарымыз жүреді.

**Мәселе:** жұмысқа келген жас мамандардың тұрақсыздығы.

**Шешу жолдары:** балабақшаны жас мамандармен тұрақты қамтамасыз ету үшін Қарағанды «Болашақ» ЖМ университетімен Шахтинск қаласының гуманитарлық-техникалық колледжімен келісім-шарт жасау.

**Біліктілігін арттыру курстарынан өту туралы мәліметтер**

| **Курс** | **2020-2021** |
|---|---|
| Біліктілігін арттыру | **8** |
| Проблемалық курстар | **1** |

**Сараптама:** Педагог кадрлар перспективалық жоспарға сәйкес біліктілік арттыру курстарына жіберілді. Оқыту семинарларына қатысуға педагогикалық ұжым тарапынан сұраныс бар, мысалы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалыұ қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты балабақшамыздың базасында ұйымдастырылған «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби дамуының шеберханасы» тақырыбындағы облыстық ғылыми-әдістемелік семинарға 8 педагог қатысқан.

2020 жылы курстардан өткен педагогтардың саны артып отыр. Сонымен қатар Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен ұйымдастырылған «Кәсіби өсу сатысы» жас әдіскер мектебінің

проблемалық оқыту курсынан және Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің йымдастыруымен республикалық біліктілікті арттыру курсында «МДББҰ әдістемелік жұмыс білім мазмұнын жаңартуда» атты курсынан балабақша әдіскері өтті.

**Мәселе:** педагогтар өз тәжірибелері және әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын өз беттерімен баспа беттеріне жүйелі жариялауға машықтанбаған. Проблемалық курстарға қатысуға педагогтардың тарапынан сұраныс аз.

**Шешу жолдары:** Мектепке дейінгі ұйымның даму стратегиясында қарастырылған қаламыздағы балабақшалармен "Пікірлестер" шығармашылық жобасы аясында педагог кадрлардың құзіреттілігін дамытуға жағдай туғызу.

**КОНТИНГЕНТ МІНЕЗДЕМЕСІ**

| **Оқу жылдары** | **Тәрбиеленушілер саны** | **1 - 2 жас** | **2 жас** | **3 жас** | **4 жас** | **5 жас** | **6 жас** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2018-2019** | **198** | 0 | 40 | 48 | 40 | 45 | 0 |
| **2019-2020** | **228** | 0 | 58 | 59 | 86 | 58 | 0 |
| **2020-2021** | **285** | 29 | 59 | 57 | 84 | 56 | 0 |

**Сараптама:** Бөбекжайдың ата-аналары төлемақысын 2015 жылы барлық жастағы балалар үшін – 7400 теңге болса, ал 2016 жылдың 1-қаңтарынан бастап жас ерекшелігіне сай 2-3 жас аралығында -8600 теңге, 3-5 жас аралығында – 9545 теңге 5-7 жас аралығында – 10605 теңге болып өсуі себебінен ата-аналар балабақшадан бас тартуда. Ересек топтарында 5-6 жастағы балалардың аз болуының себебі, көбіне қаражатқа байланысты балалардың мектептегі даярлық топтарына ауысып кетуіү

**МДББҰ тәрбиеленушілерінің әлеуметтік жағдайы туралы**

«Еркетай» бөбекжайы» КМҚК ұлты әр түрлі жастағы, отбасы құндылықтары және әлеуметтік жағдайлары әр түрлі балалар келеді, сондықтан, мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының контигенттерін (құрамына) зерттеуге аса көңіл бөлінеді.

| **Көрсеткіштер** | **2018-2019 оқу жылы** | **2019-2020 оқу жылы** | **2020-2021 оқу жылы** |
|---|---|---|---|
| Барлық бала | 198 | 228 | 286 |
| Оралман отбасы балалары | - | - | - |
| Көпбалалы отбасы балалары | 10 | 8 | 5 |
| Аз қамтылған отбасы балалары | 3 | 1 | 0 |
| Толық емес отбасы балалары | 10 | 9 | 27 |
| Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | - | - | - |

**Сараптама:** Тәрбиеленушілер отбасыларының әлеуметтік ерекшеліктеріне жасалған талдау келесідей көрініс берді: балабақшаға тұрмыстық жағдайлары қанағаттандырылғанғ сәтті отбасыларының балалары келеді және осының нәтижесінде аз қамтылған, толық емесғ көп балалаы отбасылардан шыққан балалар артуы байқалады.

Жалпы ат-аналардың негізгі контигенттеріне орташа өмір сүру және орташа табыс деңгейі, білімге деген қатаң талап, балаға білім беруге деген ниеттің басымдылығы тән. Әрбір отбасында қолайлы психологиялық жағдай бар, бала тәрбиелеу үшін тиісті жағдайлар жасалған. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жоқ.

**Мәселе:** Толық емес отбасының көбеюі себебі жалғыз басты аналар санының артуы.

**Шешу жолдары**: «Ата-ана мектебі» жобасы аясында ата-ананың тәрбие мен мәселесәндегі психологиялық құзыреттілігін арттырып, баламен тиімді қарым-қатынас орната білу қабілетін дамыту, серіктестікке тарту, ата-аналардың қарым-қатынасын жақсарту. Жалғыз басты ата-аналарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.

**Тәрбиеленушілердің білім деңгейі**

Оқу жоспары бес білім саласын қамтиды: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» және мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудың негізгі құзыреттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

**Бес білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің білім деңгейлерінің мониторингі**




| Білім беру салалары | 2017-2018 | | | 2018-2019 | | | 2019-2020 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 1 | 2 | 3 | 1 | 2 | 3 |
| | Білім сапасы | | | | | | | | |
| «Денсаулық» | 5% | 45% | 50% | 12% | 26% | 62% | 6% | 40% | 54% |
| «Коммуникация» | 3% | 42% | 55% | 8% | 38% | 54% | 11% | 44% | 45% |
| «Шығармашылық» | 6% | 51% | 43% | 1% | 39% | 60% | 8% | 42% | 50% |
| «Таным» | 2% | 40% | 58% | 19% | 35% | 46% | 13% | 27% | 60% |
| «Әлеумет» | 8% | 39% | 53% | 15% | 40% | 55% | 7% | 39% | 54% |

**Сараптама:** Білім беру салалары бойынша бөлінген ұйымдастырылған оқу қызметінің саны жүктеме санынан аспайды және балалардың жас ерекшеліктерін, балалардың қабілеттерін ескере отырып, стандартқа сәйкестендіріп бөлінген.

Педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметінің білім беру салалары мен тақырыптары көрсетілген перспективалық-тақырыптық жоспарларын жасаған. Технологиялық карталарында ұйымдастырылған оқу қызметінің қай білім беру саласына жататыны, тақырбы, құрылымы, мақсаты көрсетілген. Сондай ақ оқу қызметінің әрбір кезеңі, тәрбиеші мен балалардың іс-әрекеті,

күтілетін нәтижелері анық жазылған. Жоғарыда сандық-салыстырмалы талдаудан әр білім саласы бойынша тәрбиеленушілердің білім саласының соңғы екі жылда көтерілгенін көруге болады. Кестеден көріп тұрғандай, педагогтар жақсы нәтижеге жету үшін барлық күштерін салады.

Педагогтардың оқу іс-әрекетіне дайындығы, балаларды жалпы дамытатын, түзететін, топтық жіне жеке оқу қызметтерінде оқытудың әдістері мен тәсілдері, түрлі оқу құралдарын пайдалану, оқытудың техникалық шаралары, педагогикалық инновациялар мен мектепке дейінгі ұйымының өміріндегі өзекті мәселелер күн сайын басшылықтың бақылауында болатын сұрақтар. Әртүрлі топтағы тәрбиеленушілердің білім сапасын бақылауға тәжірибелі педагогтар тартылып, ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізеді. Бақылау нәтижесі педагогпен жеке әңгімелесу барысында, педагогикалық сағаттарда, педагогикалық кеңестерде талқыланып, нақты кеңестер және кемшіліктерді жою мерзімдерінің көрсетілуімен ұсыныстар дайындалады.

**Мәселе:** Осындай жоғары нәтижелі көрсеткіштен төмендемей, тәрбиеленушілердің білім сапасын осы деңгейде ұстау үшін жұмыс жүргізу. 2015 жылы логопедиялық пункт ашылған, облыстық ПМПК-ның шешімі бойынша 23-бала білім алуға ұсылады.

**Шешу жолдары:** Білім саласын жоғары деңгейде ұстау үшін: - балаланың әртүрлі салада өзін-өзі жетілдіруіне қолайлы жағдай жаай отырып, «Ағылшынша үйренейік», «Ұлттық дидактикалық ойындар» вариативті бағдарламаларды балабақша түлектерін мектеп режиміне дайындау мақсатында қаламыздағы Ә.Бөкейханов мектеп-лицейімен сабақтастық жқмысарын белсендендіру; Әр балалның жасын және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып шағын «Спорт-менің өмірім» атты жобаны жүзеге асыру.

**Тәрбие жұмысына талдау**

Тәрбиенің тұжырымдылық негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2015 22 сәуірдегі №227 бұйрығы қызіргі кезеңдегі жалпы білім беру жүйесінде тәрбиенің даму песрпективасын, басым бағыттарын, мақсаттарын және міндеттерін анықтап береді. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің 8 бағытына сійкес жұмыс жоспары құрылып, балабақшаның тәрбие жұмысы төмендегі бағыттар бойынша ұйымдастырылады:

1. **Қазақстандық патриоттық және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**
2. **Рухани-адамгершілік тәрбие**
3. **Ұлттық тәрбие**
4. **Отбасы тәрбие**
5. **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**
6. **Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**
7. **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**
8. **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты**

Тәрбие жұмысының мақаты: Балаға өмір бойы қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу, халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға, әдебиет пен өнерге, фольклор мен еліміздің мәдени мұрасына негізделген білім беру мазмұнын іске асыру. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік жағынан қалыптасуын тәрбиелеу және дамыту.

**1.Қазақстандық патриоттық және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.**

Патриоттық тәрбиенің алғашқы дағдылары отбасында одан кейін балабқшада қалыптасады. Ұлтжандылық, азаматтық тәрбие, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, дәстүрлі ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарда ұйымдастырылады. Республикамыздың рәміздерімен таныстыру, оларды құрмет ету бойынша әр аптаның дүйсенбісі сайын Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. 4-маусым Қазақстан Республикасының рәміздері күніне арналған іс-шаралар жүргізіледі.

1 қыркүйек – Білім күні «Білімнің бастауы-балабақшада» атты мерекелік іс-шара өткізіледі. Балабақшада патриоттық тәрбиені жүзеге асыру мақсатында кәсіподақ ұйымы және қалалық «Бастау» оқу-әдістемелік орталығымен ұйымдастырумен Ұлы жеңіс күнінің 70 жылдығына орай педагогтар қатысып және «Тілі бірдің, діні бір» қалалық байқаудан жүлделі орындарға ие болады.

Балабақша жыл сайын құқықтық сауаттылықтарын кеңейту, жаңа қабылданған немесе өсгеріс енгізілген құқықтық актілермен таныстыру

мақсатында жалпы құқтық оқыту іс-шаралары жоспары бекітілді. Педагогтар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Терроризмге қарсы күрес» жіне ата-аналармен бала құқығын қорғау бойынша құқықтық оқыту өткізіліп тұрады.
Балабақшаның тәрбиеленушілері Шрохшин Бұхар, Саламатова Кәусар, Мадиев Бедел республикалық әскери-патриоттық «Қазақстан патриоты» журналының ұлттық өнерді жаңғыртуға бағытталған «Ұлт өнерң-ұрпаққа мұра!» атты республикалық қолөнер байқауына қатысып жүлделі орындарға ие болды.

**Мәселе:** Патриоттық, азаматтық және құқықтық тәрбиенің алғашқы дағдыларын қалыптастыру мақсатында шараларға ата-аналардың аз қатысуы. Құқықтық оқыту мәселелеріне көп көңіл бөлу.

**Шешу жолдары**: Патриоттыққа, қлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін іс-шараларды жалғастыру, ата-аналарды тарту мақсатында қорғаншылық кеңес жұмысын жандыру.

**2. Рухани-адамгершілік тәрбие.**

Тәрбиеленушлілер Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткізілген республикалық «Ханталапай» сайысына қатысты. Балабақшада театр бағыты бойынша «Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобы «Көжек» ортаңғы топ тәрбиенушілердің және тәрбиешілердің негізгі ұстанымдары. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы қуыршақ театрының маңыздылығы», «Ерте, ерте, ертеде...» атты әдістемелік нұсқаулықтары бар.

Тәрбиеленушілер сонымен бірге қаламыздың №12 кітапхана филиалының қызметкерлерімен және балабқшамызға жақын орналасқан Ә.Бөкейханов отындағы мектеп-лицеймен тығыз байланыста әр түрлі шаралар өткізілді. Оқушылар мен №12 кітапхана-филиал қызметкерлері, жоспар бойынша балабқшамызда жылжымалы кітапхана, ертегі қойылымы, мәнерлеп оқу сияқты түрлі жұмыстар ұйымдастырады. Сонымен қатар жыл сайын білім бөлімі ұйымдастырған қалалық мәнерлеп оқу байқауына балабақшамыздың тәрбиеленушілері қатысады.
Педагогтар арасында «Достық деген не?» «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген тақырыптарда семинарлар, тренингтар өтті.

**Мәселе:** Тәрбиеленушілердің тілін дамыту мақстаныда театрланған қызметтері барлық топтарда мүмкіндігінше ұйымдастылымаған.

**Шешу жолдары**: Тәрбиеленушілердің коммуникативті дағдыларын арттыру және қаламыздағы №12 кітапхана-филиалмен әлеуметтік серіктестікті жалғастыру.

**3. Ұлттық тәрбие.**

Баланы жекке тұлға ретінде қалыптастырудағы ұлттық тәрбие негіздерін айқындау және осы бағыты жұмыс істеу мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқытудың басты басымдылықтарынының бірі. Ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, жас ұорпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухынн дамыту, ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстрін, рухвни-мәдени мұраларды қастерлеу, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, еамысшылыұ тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Балалар ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырылғанда ұлттық киім, құнды жәдігрелер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру әрекеттерді жиі қайталап отырған абзал. бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінедң, қызығады. Осы бағытта жыл сайын ата-аналардың қатысуымен дәстүрлі наурыз мерекесі түрлі бағытта өткізіледі. Ұлттық ойындар ойналып, ұлттық тағамдармен дастархан жайылады. Әрине балабақшада ертегі, аңыз әңгімелер, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік ұйымдастырылған оқу қызметтері, ойын-сауық, ертеңгнлнктер арқылы беріледі. Бұл ұлтымыздың дәстүрлі ұлттық тәрбиесінің өзегі деуге болады.

Осы бағытта балабақшамызда «Қлттыө дидактикалық ойындар» тақырыбында вариативті компоненттің бағдарламасы жасалды.

Мәселе: Балаларға жұмыс барысында туған елінің тарихын, мәнеиетін, салт-дәстүрін білуге тәрбиешілердің аса көңіл бөлмеуі.

Шешу олдары: Ұлттық ойынға, логикалық ойлауға деген қызығулықтарын арттыру негізінде ортаңғы және мектеп алды даярлық топтарға «Ұлттық дидактикалық ойындар» вариативті бағдарлама мен жұмысты жалғастыру.

**4. Отбасы тәрбиесі**

Балабақшаның жылдық жоспарында жыл сайын қоғамдық және отбасылық тәрбие бойынша жоспар құрылып, бекітілді. Оған жалпы ата-аналар жинáлысы, топтардағы жиналыстар мерзімі енгізілген. Жалпы ата-аналар жиналыстарында психолог арнайы тренингтер өткізіп және ата-аналармен жеке жұмыс жүргізіп отырады.

Ай сайын жоспар бойынша ата-аналармен бірігіп жасаағн қол өнер бұйымдары көрмесі, әр-түрлі сайыстар ұйымдастырылады. Әр өскелең топтарында ата-аналар бұрышы жасалған онда балалардың ата-аналарымен, тәрбиешілерімен жасаған жұмыстары, отбасына арналған ақпараттар, кеңестер орналасқан.

Мәселе: Кейбір ата-аналардың бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуі, ата-аналардың басым бөлігінің жұмысбасты болуы. Аз қамтылған отбасы және толық емес отбасылардың көбеюі.

Шешу жолдары: қолайсыз отбасыларды жеке анықтап, оларға «Ата-ана мектебі» жобасы арқылы педагогикалық-әлеуметтік көмек көрсету.

**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі. Осы бағыт бойынша топтарда еңбек және табиғат бұрыштары рәсімделген. Аталмыш бұрыштарда бөлме өсімдіктерін өсіру, күту, тазалау және зерттеу жұмыстары атқарылады. Серуен балабақша үрдісінің айрылмас бөлігі. Мысалы серуенде балалар ауа-райын бақылап қана қоймай, өз ойын алаңдарын жапырақтардан тазарту, тас жинау, сияқты еңбекке баулу жұмыстары қолға алынған.

Педагогтармен , ата-аналардың қатысуымен көктем айларында экологиялық сенбіліктер, «Таза бейсенбілік» ұйымдастырылады. «Ұлттық валюта күні» ересектер тобында ойын-сауық өтті. Тәрбиешілер балаларды ұлттық теңгеміздің тарихымен таныстырды.

**Мәселе:** Көбіне жас отбасыларында балаларды еңбекке баулу мәселесінде дұрыс көзқарас қалыптаспаған. Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің негізі экономикалық сауаттылықты қалыптастыру жұмыстарының аздығы.

**Шешу жолдары:** балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйісрпеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу мақсатында «Бәрін білгім келеді» жобасын енгізу.

**6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

22 қыркүйек-Қазақстан Республикасы халқының тілдері күніне орай балабақшада іс-шаралар өткізіледі. 2016 жылдың ақпан айында қаламыздың мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтарына өткізілген «Ашық есік күні» шарасында ересек топ балаларымен ағылшын тілінің мұғалімі Амирова Н. Б «Үйшік» ертегісінен қойылым қойды. Әр мерекелерде үштілділікке ү мән беріледі. Орыс тілі және ағылшын тілі мұғалімдеріне арнайы штат берілген.
1 – мамыр Қазақстан Республикасы халқының бірлігі күніне орай «Достығымыз жарасқан» ертеңгілік өткізілді. Жыл сайын балабақша ұжымы 1 мамыр күні күні қалалық шеруге шығады. Қаламыздың «Бастау» оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырылған «Тіл достықтың тірегі» атты фестивальде балабақшы педагогтары украин халқының ұлттық киімін киіп, әнін шырқап, биін билеп, «Ең үздік ән» номинациясына ие болды.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі жинаған мол тәжірибесін меңгеру қажет. Ересек топтар биылғы оқу жылынан бастап қосымша білім ретінде «Жапсырудың сыры» атты вариативті компоненттің бағдарламасымен жұмыс істейді.

**Мәселе:** Басқа ұлт тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрмен таныстыратын шаралардың аздығы.

**Шешу жолдары:** қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетін насихаттау жұмыстарын жалғастыру, сонымен қатар басқа ұлт тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрімен таныстыратын шараларды қолға алу. «Ағылшынша үйренейік» атты ақылы қызметке қатысатын балалар санын көбейту. Педагогтарға арналған «Hello teacher» жобасын жүзеге асыру. Қалалаық И.Ысмайлов атындағы өнер мектебімен әлеуметтік серіктестік аясында келісім шартқа отыру.

**7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

Бұл бағыт бойынша балабақша аясында тәрбиеленушілер арасында түрлң зияткерлік ойындар өткізіп тұрады: «Өркен», «Зерек бала», «Үркер», «Пони», зияткерлік марафондарға қатысып, жүлделі орындарға ие болады. Осы бағытта жұмыс істей отырып, балалардың ой-өрісін, коммуникативті дағдыларын, логикалық ойлауларын, танымдық әрекетін жүзеге асырамыз. Мұнда пайдаланылатын жұмыс түрлері: сөзжұмбақтар, ребустар, зияткерлік сайыстар, ойындар, көркем әдебиет оқу.

**Мәселе:** балабақшада тәжірибелік-зерттеушілік жұмыстары дұрыс ұйымдастырылған.

**Шешу жолдары:** балалардың зияткерлік білімдерін нығайту үшін тақырыптық іс-шараларды көбірек ұйымдастыру, ғылыми ізденудің әдістерін үйрету, бағыттау және тәрбиеленушілердің жпн-жақты дамуына, еңбекке, ізденуге, ғылымға шығармашылық тұрғыдан карауға азаматтық көзқарастарын қалыптастыру, ынтасын арттыру, жалпы интелектуалдық деңгейлерін көтеру.

**8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты**

Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта көптеген мектеп жасына дейігі балалардың денсаулық проблемалары анықталуда. Сондықтан өте маңызды бағыт тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады. Ең алдымен күн тәртібін сақтау, еңбек және эмоциялық жүктемені дұрыс бөлу осы проблеманы шешуге көмектеседі. Бұл таңертеңгі жаттығу, қимылды ойындар, ауада серуен және экскурсия.

- Балалардың денсаулығын қорғау туралы .немі білімдерін кеңейту;
- Балаларды өз денсаулықтарына дұрыс қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу;

- Қауіпсіздік техникасын сақтауға және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға тәрбиелеу.

Бұл бағытта жұмыс жасау балалардың өз бетімен жеке денсаулықтарын сақтауға және жеке гигиена талаптарына тәрбиелейді.
Жыл сайын қыркүйек айының екінші аптасында «Денсаулық фестивалі» өтеді.
Фестиал аясында қимыл-қозғалыс ойынлары, сайыстар қткіліеді.

**Мәселе:** Салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында балабақшада «Спорт менің өмірім» жобасын экперимент ретінде жүргізу, оның әлсіз, әлді жақстарын қарастырып шешім шығару.

**Шешу жолдары**: жобаны сараптап отыру, қажетті жағдайда өзгерістер енгізу. Ден шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс іс-шараларды көбейту.

**Психологиялық қызмет**

**Балабақшадағы психологиялық қызмет мақсаты:** оқу-тәрбие үрдісінде психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, баланың шығармашылық және интелектуалдық патенциалдарын дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

**Мәндеттері:**

- әр баланың психологиялық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық денсаулық ахуал туғызу;
- Балалардың үлкендеріменн және құрбыларымен тұлғааралық қарым-қатынасын анықтау;
- Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың арасындағы өзара қарым-қатынас стилін реттеу;
- Әлеуметтік және жеке даралық жетістіктерге жол ашу;
- Баланың жеке тұлғасын қалыптастыруды таным үрдістерінің дамуына жол ашу.

**Психологиялық қызметінің негізгі жұмыс бағыттары:**

- Психопрофилактикалық жұмыс
- Психологиялық диагностика
- Дамытушылық-түзетушілік жұмыс
- Кеңес беру




Сараптама: жыл сайын бадабақша тәрбиеленушілерімен психодиагностика жүргізіп, мониторинг жасалады. Диаграммада ккрініп тұрғандай, әр оқу жылында балалардың өзіндік бағаларының, танымдық процесстерінің

өзгеруін байқауға болады. Шығарылған нәтижелері бойынша түзетушілік-дамытушылық жұмысьары жүргізіледі.

**Мәселе:** Балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделулері жеңіл өтпейді. соңғы жылдары гипербелсенді балалар өте көп, себебеі ата-аналар отбасында бала тәрбиесіне көп көңіл берілмейді.

